# Педагог

№5(65)
(Қыркүйек-Қазан)
(Сентябрь-Октябрь)
2021

*Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца*

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

**Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал**
**Республиканский научно-методический педагогический журнал**


## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ


**Қадыркүл Бердібековна ШАЙМАҒАНБЕТОВА** ........................................3

**К. Шаймаганбетова.** Мектеп – алтын ұя, даналық пен даралықтың мекені ........................................5

**М. Орманова.** Жалағаштың жігерлі Жайсаңы ........................................9

**Г. Аманбаева, Р. Оразаева.** Ұстаздық еткен жалықпас... ........................................10

**Л. Дюсенбаева.** Мұғалімдердің тұлғалық-әлеуметтік құзіреттіліктерін дамытудағы командалық топтар желісінің маңызы ........................................12

**Г. Нургазиева.** Мақтан тұтатын әріптесім ........................................17

**Ж. Смагулова.** Реализация компетентностного подхода в преподавании общественных дисциплин ........................................19

**М. Аманжолова.** Білім алушылар үшін кәсіптік тәжірибенің маңыздылығы ........................................24

**М. Сатмагамбетова.** Великий сын казахского народа – Абай Кунанбаев ........................................26

**Т. Батюта.** Традиции восточных и европейских народов ........................................28

**А. Ошанова.** Қорқыттың нақыл сөздері ........................................30

**Н. Нұғыманов.** Денешынықтыру сабақтарындағы бағалау жүйесі ........................................30

**М. Айткужин.** Қазақстан азамат соғысы және шетелдік интервенция жылдарында ........................................35

**М. Алгожаева.** Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары ........................................38

**Н. Билибаева.** Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар ........................................40



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 15.02.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №10712-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 04.10.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312



**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: **pedagog-ltd@mail.ru**



Журнал <<RADO Print>> баспаханасында басылды. Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА**

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:
## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**Н. Омашев** – *ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.*

**С. Аманжолов** – *педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.*

**Ә. Дүйсебек** – *Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.*

**А. Миразова** – *Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.*

**Р. Кіршібаева** – *Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.*

*Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.*

*Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.*

Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры и
информации РК в г. Астане.
Выдано свидетельство №10712-Ж
от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 04.10.2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»
Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 1949458,
8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал напечатан в типографии
<<RADO Print>>
г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



**Қадыркүл Бердібековна ШАЙМАГАНБЕТОВА, №176 орта мектеп директоры, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Қызылорда қаласы.**

Қадыркүл Бердібековна Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққыр совхозында 02.07.1961 жылы дүниеге келген. 1985 жылы Н.В. Гоголь атындағы педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

Жалпы еңбек өтілі – 43 жыл, оның ішінде педагогикалық жұмыс өтілі – 36 жыл.

Еңбек жолын 1978-1981 ж.ж. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққыр ауылының «Ұшқын» жастар комсомол бригадасының бригадирінен басталады, 1985-1987 ж.ж. Жалағаш ауданындағы №188 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1987 ж. Жалағаш ауданындағы №188 мектеп директорының орынбасары, 1987-1997 ж.ж. Сырдария аудандық білім бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері, 1997 ж. Сырдария аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі, 1997-1998 ж.ж. Сырдария ауданындағы №172 орта мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1998-2001 ж.ж. Тасбөгет кентіндегі №176 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 2001-2005 ж.ж. Тасбөгет кентіндегі №176 орта мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2005-2007 ж.ж. Тасбөгет кентіндегі №176 орта мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, 2007 жылдан осы кезеңге дейін Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентіндегі №176 орта мектебінің директоры, 2020 жылдан бері «Педагог-зерттеуші» санаттағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

**Жетістіктері, марапаттаулары:** 2015-2016 ж.ж. «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, Облыстық білім басқармасының «Алғыс хаты», Халықаралық білім мен ғылымды қолдау орталығының «Алғысы», Қалалық білім бөлімінен «Алғыс хат», 2016-2017 ж.ж. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналдардың «Алғыс хаттары», Облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасы», ҚР Білім және ғылым министрінің «Алғыс хаты», 2017-2018 ж.ж. Тасбөгет кенті әкімі жанындағы қоғамдық кеңестің мүшесі, «Тасбөгет кентіне 70 жыл» мерекелік төсбелгісінің иегері, Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының «Алғысы», «Қызылорда қаласына 200 жыл» мерекелік медалінің иегері, 2018-2019 ж.ж. «Рухани жаңғыру және Латын әліпбиі» облыстық семинарға белсене қатысқаны үшін «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының «Алғыс хаты», Қалалық білім бөлімінің «Құрмет грамотасы», 2019-2020 ж.ж. Республикалық «Қазақ педагогикасы», «Педагог.кз» журналының «Алғыс хаты», «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Қызылорда облысы бо-



йынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының «Құрмет грамотасы», Тасбөгет кент әкімінің «Алғыс хаты», ҚР Президентінің «Алғыс хаты», ҚР Білім және ғылым министрінің «Құттықтау хаты», Қала әкімінің «Алғыс хаты», Қала әкімінің «Бірлігі жарасқан ұжым» номинациясы, 2020-2021 ж.ж. Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының «Алғысы», Облыстық кәсіподақ ұйымының «Үздік әлеуметтік әріптес» номинациясы, ҚР Тәуелсіздігі күніне орай қала әкімінің «Алғысы». 2021 ж. Ұстаздар күніне орай Ы. Алтынсарин төсбелгісімен марапатталды.

**Оқушыларының жетістіктері:** 2015-2016 ж.ж. Республикалық «Білім және Ғылым» шығармашылық бірлестігінің «Алғыс хатымен» марапатталды, 2016-2017 ж.ж. Кент әкімінің «Үздік көрсеткішті мекеме» номинациясын иеленді, Кент әкімінің «Құттықтауы», Қала әкімінің «Алғыс хаты», 2017-2018 ж.ж. «Ақ бота» интеллектуалдық марафонынан оқушысы А. Мажит II орын «Диплом» №035648, «Ақ бота» интеллектуалдық марафонынан оқушысы Х. Алматұлы II орын «Диплом» №035642, 2020-2021 ж.ж. Қашықтықтан оқыту кезінде мектеп оқушылары әлеуметтік желі арқылы Республикалық оқушылар сарайы, Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы ұйымдастырған «Ерлік – елге мұра ұрпаққа ұран», «Абай – дана, Абай – дара» байқауларына қатысып, жүлделі орындар




иеленді. Ұйымдастырушылар оқушылардың белсенділігі, қосқан үлесі үшін мектеп басшысынан «Алғыс хатпен» марапатталды, «Менің ұстазым» атты облыстық эсселер байқауында оқушысы Д. Русланқызы III орын иеленіп, «Диплом», «Алғыспен» марапатталды, «Қадыр оқулары – 2020» қалалық байқауында Д. Балтабай II орын, «Қадыр оқулары – 2021» байқауының қалалық, облыстық кезеңінде Н. Уалиханқызы I, II орындар иеленді.



# Мектеп – алтын ұя, даналық пен даралықтың мекені



**Қадыркүл Бердібековна ШАЙМАГАНБЕТОВА, №176 орта мектеп директоры, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Қызылорда қаласы.**

Мектеп – барша рухани құндылықтарды жас өскін бойында дарытып, саналы азамат етіп шығаратын қасиетті білім ордасы екені баршамызға аян.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Дәстүрлі Қазақстан халқына Жолдауында «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады», - деп білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі екендігін атап айтты. Қазіргі таңдағы мектептің басты міндеті: ой-өрісі кең, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, қазіргі заманның сұранысына лайықты, өзіндік жеке ерекшеліктерімен даралanып тұратын жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осындай жеке тұлғаны қалыптастыратын педагогикалық кәсіби даярлығы жеткілікті, педагогикалық жаңа технологияларды жетік меңгерген, ақпарат құралдарын еркін игерген педагог кадрларға бай, тиімді нәтижеге қол жеткізіп отырған білім ордасы – Қызылорда қаласындағы №176 орта мектебі.

Тарихы сонау 1962 жылдан бастау алатын білім ордасының 60 жылға жуық тарихы бар. Өз тарихында бұл мектеп әскери тәрбие бағытында – республикаға, ұстаздары білім беру ісінің үздігі атағын алумен – облысқа, эстетикалық талғамына қарай - қалаға танылған мектеп.




Педагог қызметкерлердің жаңартылған формадағы біліктілігін арттыру бойынша 60% мұғалімнің «Педагог-зерттеуші», «Педагог-сарапшы», «Педагог-модератор» санаттарын алуға үлкен ықпал жасадым.





Мұғалім білімді оқушы санасына тек сабақ арқылы жеткізеді. Ол үшін әрбір пән мұғалімі күнделікті сабағын түрліше, жан-жақты, жаңартылған білім беру мазмұнына сай педагогикалық технологиялар негізінде цифрлық құзыреттілікпен ұйымдастыра білу керек.

Осы негізде мектебімізде жаңартылған білім мазмұны аясында, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында, тәжірибелі мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарын тарату бағытында түрлі жұмыстар жүргізілуде. Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығымен бірлесе «Ұлы даланың жеті қыры», «Ұлттық құндылықтар» бағыттарында семинарларды ұтымды ұйымдастырық.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған оқушылар үшін мектеп тарихын ұғындыру мақсатында мектеп мұражайы талапқа сай жабдықталған. Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға бағытталған «Оқуға құштар ұлт – оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру аясында мектебімізде коворкинг орталығы ашылды. Спорттық және мәдени бағыттағы үйірме жұмыстарын жүргізуге арналған спорт залы, спорт алаңы, акт залы жұмыс жасайды.





Дарынды оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу нәтижесінде шы-




Оқушыларға сапалы білім беруде, мектеп кабинеттерін жаңа үлгіде жабдықтауда қалалық «Пән кабинеттері» байқауында биология кабинеті І орын, қазақ тілі, химия кабинеттері ІІ орын, орыс тілі кабинеті ІІІ орын иеленді.

Мектеп оқушыларының сапалы білім, санаулы тәрбие алу бағытында жұмыстарды жүйелі ұйымдастыра отырып, оқушылардың әлеуметтік жағдайларына да қолдау көрсете білді. Мектепке 3 километрден артық қашықтықтан қатынайтын оқушылар үшін тегін тасымал ұйымдастырды.

Қызылорда облысы бойынша «Серіктес мектеп директорлар» лигасына мүше болып, мектеп ұжымы жаңашыл идеялар тарату ұйымдастыру бағытында жұмыстар жүргізе білді. Атап айтар болсақ, мектептердегі үздік ұстаздардың жаңашыл идеяларын тарату, насихаттау, тәжірибе алмасу, әріптестік серіктестер тобын құру бағытында «Әдістемелік марафон», «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» жалпыұлттық акциясын ұйымдастыруда қала мектептері бойынша

ғармашылықтары шыңдалып, жетістікке жеткен оқушыларымызда баршылық. Атап айтар болсақ, 10-сынып оқушысы А. Ергеш қалалық, облыстық, республикалық техникалық және шығармашылық өнертапқыш байқауының І, ІІ орын иегері. Н. Уалиханқызы қалалық, облыстық «Қадыр оқулары» байқауының І, ІІ орын иегері. Д. Балтабай қалалық, облыстық «Зерде» ғылыми жоба қорғау байқауының І, ІІ орын иегері. Ә. Тойман, Г. Нышанәліқызы, Д. Егізбаева, Ұ. Оңдасын – қалалық, облыстық эсселер жазу байқауының жеңімпаздары.






апталық ұйымдастырды. Апталық аясында ҚР Президенті ұсынған 30 кітаптың таныстырылымын онлайн және офлайн форматта ұйымдастырды. Ж. Жабаевтың 170 жылдығына арналған «Жамбыл мұраларын жаңаша бағалау – ұлттық рухани жаңғырудың өзекті мәселесі» тақырыбында республикалық ғылыми-танымдық конференция өткізді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім беру ұйымдарында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Осы жобаны іске асыруда мектебімізде облыстық деңгейде жобаның таныстырылымы ұйымдастырды. Таныстырылым барысында «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспарына сәйкес оқудың 11 түрі бойынша оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жұмыстар көрсетілді. Жобаның «Жол картасы» бағытында ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған 6-18 жас және педагогтарға арналған кітаптар тізімін оқуға ұсынды.

Мектебіміздің тәжірибелі ұстаздарының, тренер шебер педагогтардың шығармашылығы бірнеше рет республикалық «Білім кілті», «Қазақ педагогикасы», «Ізденіс жолы», «Ұлағат» басылымдарының жекелеген сандарында жарияланды. Оқу жылы бойында өткізілген қалалық, облыстық семинарлар өз кезендерінде облыстық «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасынан да көрсетілді.

Әлемдік пандемия кезінде карантиндік талаптарды сақтай отырып, мектеп басшысы ұжымымен бірлесе қашықтан оқытуды тиімді ұйымдастырды. Педагог қызметкерлердің 40 сағаттық «Қашықтықтан оқытуды үйренемін» курсынан 100 пайыз өткізді. Карантин кезінде мектеп ұжымы онлайн және оффлайн сабақтарды, іс-шараларды жоғары деңгейде өткізді. Тәрбие бағытындағы жұмыстарды да ұтымды ұйымдастыра білді, дер кезінде әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандырып отырды.

2020 жылы Жапон елшілігінің «Шөп тамыры» әлеуметтік жобаларға арналған қайтарымсыз грантын ұтып алып, мектеп терезелері түгел пластикке ауыстырылды.

Осындай тәжірибелі жұмыстардың нәтижесімен мектеп 2018 жылы кент әкімінің «Ұйымшыл ұжым» номинациясын, 2019 жылғы қала әкімінің «Бірлігі жарасқан ұжым» номинациясын, 2020 жылы облыстық кәсіподақ ұйымының «Үздік әлеуметтік әріптес» номинациясын иеленді.

*Әулетіміздің көш басшысы, әке-шешеміздің төл басы, бауырларымыздың ақылшы ақ тәтесі, балаларымыз бен немерелеріміздің дәу тәтесі, ағайын-туыстың, құда-жекжат, әріптестерінің қадірлі де сыйлайтын, өңіріміздегі білім саласының майталмандарының бірі де бірегейі, менің тетелес бауырым, жан тәтем Қадыркүл Бердібекқызы Шаймағанбетованың мерейлі жасқа толуымен бауырларымыздың, жанұямыздың атынан құттықтаймыз!!! Каденге (ата-анамыз еркелетіп осылай атайтын) зор денсаулық, ұзақ та ғибаратты ғұмыр, қызметте абырой, жездеміз Жарылқасын Әлібекұлымен бірге ұлдары Дәурен мен келіні Айгерім, қызы Бибінұр мен күйеу баласы Асқардан, кенжесі Әділеттен тараған ұрпақтарының бақытының куәсі болып ғасыр жасасын !!!*

# Жалағаштың жігерлі Жайсаңы

Жасыл желекпен көмкерілген, тарихы терең, келешегі кемел Жалағаш ауданы – қашан да ел мақтанышы. Бұл ауданның ағарту саласында алар маңызы ұшан-теңіз. Әріптесім, біртуар музыканттардың бірі Кенжебай Сиқымов «Таратып айтсам, тарихым таңға жетеді. Төріміз мынау – Қорқыттың ата мекені. Аралап бір сәт көріңіз Қызылорданы, Осынау жолмен Жүргенов жүрген кешегі», - деп жырлағанындай, ағартушының кіндік қаны тамған жерден дүние есігін ашқан замандасым, студенттің қимас жылдардан бергі досым, әріптесім Қадыркүл Бердібекқызы асқаралы алпыстың асуына келіпті.

«Алпыс» деген асу астарында оның балған балалық шағы, жас дәурен Жарылқасынмен қол ұстасқан махаббатқа толы жылдары, «Ұстаз» деген ұлықты мамандықтың қыр-сырына қаныққан тынымсыз жылдары мен іздері сайрап жатыр. Ұжымына ең алғашқы жаңалықтардың көшбасында болу керек, деген қағиданы қалыптастыру да тек іскер басшының қолынан келер үлкен тағылымды іс. Киелі топырақтың қасиеті де осында шығар.

Қадыркүл студенттік жылдардан бастап өзінің ерекше ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Ол сессия күндері топ старостасы ретінде тобының емтихан тапсыра алмай, құлап қалмауы үшін шыр-пыры шығып жүретін. Құтты бір тобының Анасындай болатын. Мен факультеттің мәдени секторы ретінде жыл сайын жаңадан оқуға түскен студенттерсен «Кешегі абутериент – бүгінгі Студент – ертеңгі Тұлға» атты кеш ұйымдастырушы едім. Сол бір кеште деканымыз Нұрлыбек ағай Жүнісов, ғалым-профессорлар Әуелбек Қоңыратбаев, Әбдіжаппар Әбілақов, Медеуәлі Бимағамбетов, Айнаш Шамшатова, Нұртай Нұржановтардай ұстаздарымыз кешегі талапкер, бүгінгі студенттерге студенттік билеттер тапсыратын... Сонда Қадыркүлдің алғашқы күннен өзін ұстау болмысына қарап, Нұрлыбек ағай: «Биылғы лекте болашақ нағыз Майталмандар түсіпті», – деп қуанған болатын. Иә, шыныда да, сол лектен Ұлмекен Асановадай ғалым, Қадыркүл Шаймағанбетовадай іскер басшы, республикаға танымал Маржан Қалқоразовадай шығармашыл, т.б. танымал қыздар шықты. Білім саласындағы тың жаңалықтар мен жаңашыл бағыттар басында бола білген Қадыркүл тек мектеп оқушыларының тұлғалануына ғана емес, мектеп ата-аналарының әлеуметтенуінде де көптеген еңбектер сіңірді.

Сыйластықтан сырластыққа айналған достығымыз туысқандыққа айналды. Бүгінде Алматы қаласында тұратын туған нағашысы Иса мен жеңгесі – Мауыты өз бауырымыздай, сіңілісі Әлия өз туған қызымдай жақын. Әрине, мұның бәрі Қадыркүлдің жақсылығының айғағы. Текті ұрпақтың жалғасындай болған досыма деннің саулығын, ғұмырының ұзақтығын, жүрегіңнің жайма шуақтығымен бірге тамыры терең бәйтеректей жапырағың жайқала берсін, - деген ақжарма тілегімді білдіремін.

**Мария Айтбайқызы ОРМАНОВА,**
**«Өрлеу» БАҰО аға оқытушысы, п.ғ.м.,**
**Халықаралақ тренер.**
**Қызылорда қаласы.**

# Ұстаздық еткен жалықпас...

**Еліміздің дамуы мен өркендеуі үшін ұрпақтың сапалы біліммен қамтылуы маңызды. Шәкірт бойына мінез бен болмысты қатар қалыптастыратын негіз мектеп қабырғасында алғашқы ұстаздың бағдарымен қаланады. Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау деген тәмсіл ол жанды айналып өтпеді. Өйткені, Семей қаласының Т. Аманов атындағы №16 мектебінің құрметті ұстазы, талай бұлақтың көзін ашқан бастауыш сынып мұғалімі Сыбанбаева Рахат Мұсақызы 40 жылын ұстаздық жолына арнады.**



Рахат Мұсақызы 1957 жылдың қаңтар айының 4 жұлдызында Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы Қасқабұлақ ауылында дүниеге келген. Ұстаз болу – ұлы іс екенін кішкене кезінен көріп білген ол өмірлік ұстанымын анықтап, осы саланы өзіне лайық етті.

- Ұрпақтың тәрбиесі өте маңызды дүние. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің деген нақылды үнемі жадымда сақтап келдім. Өйткені, менің әкем Мұса өмірінің соңғы жылына дейін бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет етті. Бұл саланың жауапкершілігі мол екенін жастай әкемнің адал еңбегіне қарап түсіндім. Алға қойған мақсаттан тайынбай, мен өмірімді ұстаздықпен байланыстыруға бел буып, Семейдің педагогикалық училищесіне оқуға түстім. Оқуымды аяқтап, 1977 жылы Абай ауданынан еңбек жолымды бастадым. Ұстаз үнемі өзін дамытып отыруы заңдылық. Сол себепті, 1979 жылы Семейдің педагогика институтына түсіп, біліктілігімді жетілдірдім. 1987 жылы Семейге көшіп келіп, Т. Аманов атындағы №16 мектепке орналастым. Бұл білім ордасында жоғары санаттағы мамандармен қызметтес болып, 30 жылға жуық шәкірт тәрбиелеуде аянбадым. Оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру арқылы оқушылардың шапшаң ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негіз болатын қағидалар реттілігін ұстанып, әр сабағымды жаңа әдістермен өткіздім. 2015 жылы ҚР білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттары, жалпыға бірдей білім берудің стартегиясы педагог мамандарының біліктілігін арттыруда қажет «Бастауыш сыныпта білім беруді модернизациялау, оқыту процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді және ақпарттық коммуникативтік технологияларды қолдану үрдісі» тақырыбында курстан өттім. Оқушылармен үнемі шығармашылық жұмыстар жүргізудің нәтижесінде шәкірттерім қалалық, облыстық интеллектуалдық «Малахит» конкурстарының жеңімпаздары атанып, республикалық ғылыми жобаларда көш бастап жүрді. Одан бөлек, «Әдіскер әлемі», «Интерактивті әдісті пайдаланып әдебиеттік оқу сабағында бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын арттыру» атты мақалаларым мен әдістемелік құралдарым баспадан шықты.

Бір емес бірнеше буын шәкірт тәрбиелеп, ұстаз есіміне кір келтірмей қажырлы еңбек еткен Рахат Мұсақызы бірқатар марапаттарға ие болған. Оған Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін берілген министрліктің, облыстық және қалалық білім бөлімі басшыларының құрмет грамоталары дәлел.

- Мен үшін №16 мектепте қызмет еткен әр жыл ыстық. Себебі, ғылым мен білімді тануға келген әр шәкірттің көзіндегі нұрды көріп, қанаттандыру үлкен еңбек. Оқумен қатар, шәкірттеріме адамгершілік қасиеттерін дарытуға тырыстым. Табиғаттың ең бір үлкен сыйы – ұстаздың шәкірт жүрегінде мәңгі ойып орын алуы. Егер оның жүрегінде мәңгі қалсаң, демек бала жүрегінің кілтін дұрыс тапқаның. Сеніміме селкеу түсірмей, бүгінде еліміздің әр өңірінде қызмет етіп жүрген оқушыларым көп. Солардың бірі алғаш тәліміме еріп, оқуда озат болған Әлиев Батыр Әлиұлы.

Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласының Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрағасы қызметін абыроймен атқарып жүрген Әлиев Батыр №16 мектепте 1990-1994 жылдар аралығында білім алған. Алғаш ұстазы Рахат Мұсақызы шәкіртінің оқуға деген ынтасын бірден танып, өзіне деген сенімділігін арттыруға көп күш салған. Нәтижесінде оқушысы ақылмен берілген білімді сарп етпей, қазіргі уақытта мемлекеттік қызметте еңбек етуде.

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай Құнанбайұлы айтқандай, ұстаз тәрбиесі шәкірттің өмірлік азығына айналары сөзсіз. Кез келген ата-ана баласының жақсы ұстазға кезігіп, білім алғанын қалайды. Ал, Рахат Мұсақызынан тәлім алған оқушылардың ата-аналары ұстаздың ұстамды мінезі мен берген өнесіне тек ризашылықтарын талай білдірген.

- Әр ұстаз үшін үлкен марапат – ол шәкіртінің дүниеге бір кірпіш болып қаланып, бақтары жанып, өздері мақсат еткен жетістіктерге жетуі. Оқушыларым әр мереке сайын хабарласып, жағдайымды сұрап тұрады. Егер мен білім нәріммен сусындатқан шәкірттерім биіктен көрінсе, менің лайықты мадағым сол деп білем. Бүгінде зейнеткерлік демалысымда болсам да, айтылар мадақтар мен жылы лебіздер толастамайды. Мұндай тілектерді тек күліп қана қабыл алам. Өйкені мен үшін, «үмітіңізді ақтадым» деген шәкірттерімнің бір ауыз сөзі жеткілікті.

Келешекке кемел біліммен бастап, әр шәкіртіне ерекше көңіл бөліп, тәрбие беру ұлы іс. Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында ұстаздың үнемі өзін дамытып отыру керектігі алға қойылған. Оқушы үшін ол педагог болып қана қоймай, психолог та болуы керек.

- Менің ойымша, қазіргі заман мұғалімі – рухани жағынан дамыған, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман болуы керек. Мұхтар Шахановтың тілімен айтқанда, «Әрбір бала күйсандық. Ол күйсандықтың кілтін тапқан ғана аша алады». Сол себепті, бала жүрегіне жол тауып, қажеттілігіне орай білім беру қажет. Жас мамандарға айтар кеңесім, тұлғаның қабілетін ашып, талантын танып, дарын қабілетін ұштап, сауатты әрі білімді азамат етіп тәрбиелеу керек. Сондай ұрпақ қана елінің нағыз патриоты болады.

Жаһандану заманында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ұстаздарға жүктелген міндет екені белгілі. Рахат Мұсақызы аталған міндетті мінсіз атқарып, бүгінде құрметті зейнеткерлік демалысында болғанымен, мектептің үздік ардегер ұстаздары қатарында. Еткен еңбек, төккен тер әрдайым құнды деген осы шығар!

**Г.А. АМАНБАЕВА,**
**Р.Т. ОРАЗАЕВА,**
**№16 Төлеубай Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімдері.**
**Семей қаласы,**
**Шығыс Қазақстан облысы.**

# Мұғалімдердің тұлғалық-әлеуметтік құзіреттіліктерін дамытудағы командалық топтар желісінің маңызы



**Ляззат Серикбаевна ДЮСЕНБАЕВА,**
**Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы директорының І санатты ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.**
**Орал қаласы,**
**Батыс Қазақстан облысы.**

Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі» деп айтылған ұлы ұстаз Я.А. Коменскийдің бірауыз пікірі ұстаздың бар бітім-болмысын, жан-дүниесін, рухани әлемін ашып тұрғандай. Ұстаз қай заманда да өз беделін жоғалтпақ емес. Өз болашағын ойлаған халық ең алдымен сол елдің саналы ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін ұстаздарының жағдайын жасауы тиіс. Елімізде келер ұрпақтың білім алуына бар мүмкндікті жасайтын ұстаздардың рөлі бүгінгі күні ерекше мәнге ие. Соның ішінде ұстаздар қауымының біліктілік мәселесі басты назарда. Сол себепті мектеп жағдайында педагогтермен жүргізілетін ғылыми-әдістемелік жұмыстардың түрлері жаңа бағыттарды талап етіп, мұғалімдердің жаңа білім беру форматтарына икемделуіне, ұздіксіз дамуына, бірлесіп әрекет етуіне жағдайлар жасалуы тиіс болып отыр. Бұл ретте оқытуды басқару және мұғалімдердің көшбасшылығындағы негізгі идея «білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алуы керек» деген. Мұғалімге тұрақты даму үшін даму үшін кәсібиліктің тәсілі талап етіледі. Біз бұрынғы тәсілдерден алшақтауымыз керек. Себебі бұл кезде белгілі бір бекітілген стандартқа сәйкес әрекет етеміз. Оның орнына мұғалім оқу қоғамдастығының бір бөлігі болып табылатын, кәсібилікке бағытталған «ұжымдық» және кешенді тәсіл қажет (Bolam, McMahon, Stoll et al., 2005). Мұндай тәсілде кәсіби біліктілік пен білім жай қабылданбайды, мұғалімдер оны өз қолымен жасайды. Адамгершілік мақсаттағы мұғалімдер өздерінің әріптестері мен айналасындағыларға әсер ету үшін, көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді. Олардың көңілінде үнемі талапқа сай оқыту тұрады (Frost, 2011) *(МАН, ІІІ деңгей, 87-бет)*.

Көшбасшылық қабілет адамды тұрақты дамуға жетелейді. Өзгеріс енгізу үшін лауазымды болу маңызды емес, кәсіби шеберлігі мен адамгершілік сенімдерін қолданып басқа әріптестерге, адамдарға әсер етуге болады. Мұғалімнің көшбасшылығын дамытуда мұғалім тәжірибені жетілдіру жұмыстарын өз қолына алып, әріптестермен шешімдер қабылдап, бірігіп жұмыс жасау үшін фактілерді жинап, кәсіби білімді құруға міндетті деп анықталады. МКДЖ бағдарламасы бойынша «мұғалім-дамыту жұмысының көшбасшысы».

Дамыту жұмысының мақсаты: *жақсарту, дамыту, өзгерту.* Көшбасшылықты дамыту жұмыстары басқаларды серіктестікке тарту, рефлексия және өзін-өзі бағалау тапсырмаларын қамтиды, осылар арқылы мектепте жаңа білім қалыптасады. Ең алғашқы қадам – құндылықтар мен мәселелерді анықтау, одан кейін өзгеріс бағдарламасы бойынша әріптестермен кеңесу, келесі қадам – жоспар құру. Бұл жұмыстардың нәтижесі тәжірибе барысында сезілуі керек. Жаңа әдістерді сынақтан өткізу, бағалау, талдау сапалы жұмысқа әкеледі. Осы бағыттағы ұсынылатын жұмыстардың бірі мұғалімнің көшбасшылығы мен кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл командалық топтар желісі.

Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 МГ-сы республикамыздағы «Рухани адамгершілік білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша пилоттық мектеп ретінде соңғы үш жылда көптеген жұмыстар атқарып келеді. Осы тұрғыда оқушылармен де, ата-аналармен де әртүрлі тақырыпта іс-шаралар, кездесулер, дөңгелек үстелдер, сыр-сұхбаттар жүргізілді. Сонымен қатар, педагогтермен ұйымдастырылатын әдістемелік жұмыс жүйесі де білім беруді ізгілендіруге, өз пәндерді оқытуда рухани-адамгершілік тәрбиені интеграциялау түсінігіне жіті мән беруге басымдық жасап келеміз.

Бұл 2020-2023 жылдарға арналған мектептің стратегиялық даму жоспарының басым бағыты ретінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, мектеп ұжымын өзін-өзі оқытатын, өзін-өзі басқаратын мектеп моделіне айналдыру бағыты болатын. Осы орайда мұғалімдердің тұлғалық өсуін, рухани жетілуін және өмір құндылықтары философиясын ұғыну керек екендігін алға тарттық. Оны қалай жетілдіреміз? деген сұраққа жауап алу үшін ең алдымен мұғалімдердің ішкі жан дүниесін қозғауды жөн көрдік, бұған себеп елдегі пандемия салдарынан енгізілген шектеулерден мұғалімдердің үйде оқшаулануы, шынайы қарым-қатынастың болмауынан кәсіби қызметінің тиімділігінің төмендеуін атауға болады. Осы орайда адами капитал ұғымының маңыздылығын түсінуге, мұғалімдердің ішкі жан-дүниесін қозғау бағытында семинарлар, сыр-сұхбаттар, педкеңестер, т.б. іс-шаралар өткізілді.

Мектеп әкімшілігінің ұйғаруымен көшбасшы мұғалімдер арқылы командалық топтар құру ұсынысы қолға алынды. Ол үшін алдымен ұжым ішіндегі мұғалімдер арасынан жұмыс сапасы жоғары, жетістіктерімен алда жүрген, артынан мұғалімдерді ілестіре алатын көшбасшы мұғалімдер анықталды. Содан кейін ұжым мүшелеріне гугл форма арқылы өз көшбасшысын таңдау ұсынылды. Бұл ретте бір ерекшелік – таңдау мұғалімдердің өздеріне берілді, кімнен үйренгісі келеді, кіммен қызығушылықтары ортақ немесе байланыста болғысы келеді. Осылайша 20-25 мұғалімнен тұратын 7 командалық топ құрылды, «Заманауи мұғалім – заманауи қоғам командалық топтар желісі» деген жоба бастау алды.

Мұғалімнің бойында болуға тиіс үш білім: пәндік білім, технологиялық білім, педагогикалық білім болу керек болса, осы үш білім үйлесімділік тапқанда мұғалім кәсіби жоғары маман болады деген ағылшын зерттеушілері Мишра мен Келердің пікірлерін ұстандық. Әр топ өз көшбасшыларымен өзіндік бағытын анықтаған соң, топтарды үш бағытқа тоғыстырдық. Олар:

1. Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттыру («Триумф», «Сан қырлы» топтары).
2. IT сауаттылығын дамыту («IT teachers», «Жаңашыл жауынгерлер», «Самға» топтары).
3. Рухани даму («Кемеңгер», «Modern мұғалім» топтары) құрылды.

Жобаның мақсат-міндеттері белгіленді.

Мақсаты: ынтымақтастық орта құру арқылы мұғалімдердің кәсіби өсуіне жағдай жасау.

Міндеті:

• шығармашылықпен жұмыстанатын ұжым қалыптастыру;

• инновациялық орта құру;

• жас ұстаздарға әдістемелік қолдау көрсету, тәжірибе алмасу.

Сонымен қатар жұмыс түрлері, бағыттары айқындалды:

- өзара әрекеттестік арқылы оқу;
- жеке кеңес беру;
- онлайн чаттарда пікір алмасу;
- мобильді көмек көрсету.

Ұйымдастыру жұмыстарына төмендегідей бағыттар белгіленді:

✔ топты өздері таңдаған көшбасшы жүргізеді («Көшбасшылар» – шығармашыл, тиімді жұмыс жасайтын, ынталы, өз кәсіби қызметінде жоғары нәтиже көрсетіп жүрген мұғалімдер қатарынан таңдалды);

✔ топтың атауларын, бағыты мен жұмыс жоспарын бірлесе анықтайды;

✔ топ отырысы аптасына 1 рет өткізіледі;

✔ топта атқарылған шаралар туралы мәлімет айына 1 рет мектептің әлеуметтік парақшасында жарияланады;

✔ топ мүшелеріне функционалдық рөлдер беріледі (топ мұғалімдері ынталы, оқып үйренуге дайын болу мақсатында).

Құрылған 8 топтың бірі «Триумф» тобы болатын, жетекшісі: Зулкашева Ш.М., жоғары санатты орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер. Бұл топ «Табысты сабақ» жобасын қолға алды. Жоба тақырыбын таңдауда алдын-ала өткізілген «Жаңбыр тамшылары» тренингі себепші болды. Тренинг барысындағы «Әріптестеріңізбен бірге қандай бірлескен мақсат белгілеуіңіз керек?» - деп қойылған сұраққа топ мүшелері бір бірімізден үйрену арқылы сабақ сапасын арттыру деген пікірде болды.

«Табысты сабақ» жобасының мақсаты: топ педагогтерінің сабақ беру шеберлігін дамыту; мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуын ұйымдастыру.

Жұмыс бағыттары:

Рефлексивті агент (топ жетекшісінің қолдауы);

Мен осылай жасаймын (топ мұғалімдерінің тәжірибесі);

Шеберлік құпиясы (топ мұғалімдерінің бірлескен әрекеті).

Командалық топ барлық сангигиеналық талаптары орындай отырып, дәстүрлі форматта да, онлайн форматта да жүргізілді. Жоба аясында қарастырылған өзекті тақырыптар:

1. «Сабақтың табыстылығы неде?»;
2. «SMART-мақсат» жәрмеңкесі;
3. «Білімнің безбені»;
4. «Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды»;
5. «Пәнді оқыту ма? Оқушыны оқыту ма?» дискуссия алаңы;
6. «Қызметтің пайдалы болуы уақытты ұтымды қолданудан»;
7. «Сұрақ қою маңыздылығы»;
8. «Үлгерімді көтеру жолдары».

Келесі командалық топ – «Modern мұғалім» тобы.

Жобаның мақсаты: Мұғалімдердің өзіне деген сенімділігін арттыру, өз эмоцияларын басқаруға баулу, тұлғалық қасиеттерін дамыту, жан-жақты дамуы үшін қызығушылығын ояту.

Бұл топ жалпы адамның тұлғалық дамуына аса мән беріп келді. Өмірде кездесетін әртүрлі қиындықтар мен проблемаларды жеңіп қана қоймай, қиындықтармен күресе отырып адамгершілігін сақтап қалу, жігерін көтеру, рухани биіктеуі үшін жұмыстанды. «Modern мұғалім» тобының көшбасшысы Ахметова замзагүл Ермекқызы мұғалімдіердің рухани және психологиялық дамуы үшін эмоционалды интеллект, комплекспен күресу, қаржылай сауаттылық, энергияны көтеру, өз бойындағы құндылықтарды арттыру секілді мұғалімнің рухын көтеруге арналған кездесулер, медитациялар мен марафондар өткізді. Қазіргі таңда адамның эмоциясына аса мән беріліп жүргендігі баршаға

мәлім. Себебі әр жұмыстың дамуы да, әр істің бастауы да адамға , яғни жеке тұлғаға байланысты болған соң, адамның эмоциясы басты назарда. Білім деңгейі мен ой ұшқырлығы жоғары деңгейде болғанымен егер адамның эмоционалдық дәрежесі төмен болса, ол адамды жетістікке апармауы мүмкін. Бұл топ мұғалімдері әр адам өзін эмоционалды тұрғыдан дамытқаны дұрыс деген ұстаныммен эмоционалды интеллектті басқару тақырыбын да қарастырды.

Жоба барысында топ көшбасшылардың міндеті топ мүшелерінің жұмысын ұйымдастыру болды, басшыға бағыну деген болмады, мұғалімдер кездесу уақыттарын, форматын, талқылайтын тақырыптарды, тәжірибесімен кімдер бөлісетінін өздері шешті. Сол себептен шығар топтарда ынтамақтастық, бірлік, татулық орын алып, өздерінің оқып үйренуін, басқаруын мұғалімдер өз өолдарына алды. Бұл ұжымдағы басқаруды демократиялық басқару стиліне, ұжымды өздерін оқытатын мектеп моделіне көшуге ықпал етуде.

Біртұтас педагогикалық үдерісте командалық топтармен жұмыстану арқылы ұжым үлкен оң өзгерістерге, ұжымдық дамуға қол жеткізіп келеді. Бірлесе жұмыстанудың нәтижесінде ерекше жобаны жүзеге асырдық деп айта аламыз. Жоба 3 жылға жоспарланды, биылғы жылы әр топ өз таңдауы бойынша көшбасшысымен жұмыстанған болса, келесі оқу жылында «Карусель» әдісімен көшбасшылар 2 ай сайын ауысып отырады және әр көшбасшыдан үйрену мүмкіндігі болады деген үмітіміз бар.

Генри Фордтың көпшілікке ой салар қанатты сөзінде «Бірге жиналу – бұл бастама. Бірге болу – бұл ілгерілеу. Бірге жұмыс істеу – бұл жетістік» деген екен. Осының дәлелін жұмыс барысында әр ұстаз бойынан өткізді және көшбасшылық қасиеттерін дамытты деген ойдамыз.

**Пайдаланылған әдебиет:**

1.«Мұғалімге арналған нұсқаулық» III деңгей, III басылым, 2012 ж.

| **Құндылықтарға баулу** | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы. Қызығушы-лықты ояту** 7 мин. | **I. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**а)** Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу<br>**Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>**Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі қолданылады. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі. | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**  | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>*Оқушылар сұрақтарға* | «Ұлдың күні күн емес атадан мал қалмаса, Ата малы пұл емес, баста ақыл болмаса» деген сөздің мағынасы нені айтады?<br><br>Ата-ананың | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады.<br>Сонымен қатар, оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын | **Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.* | тәрбиесінің қадірі неде? Ата апаларының айтқан қандай ақылдарын білесіңдер? | анықтауға мүмкіндік береді. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | |
| **Сабақтың ортасы Мағынаны ашу.** 26 мин. | **№4 тапсырма:** «Тәкаппарлықты Тәңірі де сүймес» деген нақылыдың мағынасын талдай отырып, тәкәппарлық, менменшіл қасиеттері туралы өз ойларыңды баяндап беріңдер. | Тапсырманы орындайды. Өз ойларын айқын айтады. | ***Дескриптор: Жалпы – 4 балл.*** Тәкаппарлықты Тәңірі де сүймес деген нақылыдың мағынасын талдайды. Өз ойларын баяндап береді. | Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК, т.б. |
| **Жұптық жұмыс** | **№5 тапсырма:** Қанша байлық жисаңда, бұйырғаннан артық жей алмайсың нақыл сөзін талдай отырып, композиялық құрылымының барлық кезеңдері сақталған шағын әңгіме жазыңдар. | Нақыл сөздерге талдау жасайды, шағын әңгіме жазады. | ***Дескриптор: Жалпы – 3 балл.*** Нақыл сөзін талдай отырып, композиялық құрылымының барлық кезеңдері сақталған шағын әңгіме жазады. | Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК, т.б. |
| | **№6 тапсырма:** Қорқыт нақыл сөздерін негізге ала отырып, диалогтік сауал-жауап құраңдар. Нақыл сөз, сұрақ, жауап. | Диалогтік сауал-жауап құрады. | ***Дескриптор: Жалпы – 3 балл.*** Қорқыт нақыл сөздерін негізге ала отырып, диалогтік сауал- жауап құрады. Ойларын айтады. | Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК, т.б. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия**  | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 балдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* |   |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 балдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

**Жалпы бағалау.**
Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?
1:
2:

# Денешынықтыру сабақтарындағы бағалау жүйесі

Білім берудің қазіргі заман талабы – шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, құзіретті тұлға тәрбиелеу. Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек. Оқушылардың өздерінің немесе біреудің жұмысын жай ғана бағалауға қарағанда, өзара бағалау және өзін-өзі бағалаудың мәні анағұрлым зор. Бұл үдерістің мақсаты олардың назарын өз жұмысының сапасына аудару және жақсартуға болатын жақтарын талдауға көмектесу болып табылады. Нәтижесінде бұл оқушыларды оқытуды дамытуда жауапкершіліктің жалғыз мұғалімге ғана жүктелмейтіндігін көруге мүмкіндік беріп, мұғалімнің жұмысын жеңілдетуі тиіс.

Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін-бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады. *«Баға қоюдан»* басқа оқушыларды өзара бағалау үдерісіне тартудың көптеген тәсілі бар. Өзін-өзі бағалаудың барлық стратегиясына ортақ нәрсе түрлі критерийлердің қолданылуы болып табылады. Ол атқарылған жұмысқа қолданылатын сабақтың табыс критерийлері (2-деңгей, ОдО 1-стратегия қараңыз) немесе жай ғана тиісті сұрақтарды құрастыру болуы мүмкін, кейіннен таныстырылым барысында құрбы-құрдастарына осы сұрақтарды қоя алады. Бағалау түрлері төмендегі суретте берілген.




**Критериалды бағалаудың маңызы:**

**Мұғалімдер үшін:**

- Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;
- Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;
- Сабақ берудің сапасын арттыруға;
- Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;
- Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге.

**Оқушылар үшін:**

- Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әр түрлі әдістерін пайдалануға;
- Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;
- Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге

**Ата-аналар үшін:**

- Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;
- Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;
- Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

***«Каратэ белдігі» әдісі арқылы бағалау.*** Каратэде әр қайсысының белгілі бір түстің белдеуіне сәйкес келетін дәрежелер жүйесі бар. Жүйе бастауыш спортшыға арналған Ақ белдікті болжайды және одан әрі түс шеберлікке сәйкес өзгереді. Қара белбеу – шеберліктің жоғары сатысы. Оқушы сабақ барысында бағаланады, сонымен қатар «Каратэ» спортына түсінік қалыптасады.

| | | |
|---|---|---|
| **Керемет** | Жарайсың! | Шебер |
| | Еңбегің көрініп тұр | Қою қоңыр түс |
| | Тамаша үй жұмысы | Қоңыр түс |
| **Жақсы** | Бұдан жақсы істей аласың | Күлгін түс |
| | Тәжірибені арттыр | Қызыл түс |
| | Ережелерді оқы | Жасыл түс |
| **Орташа** | Ерінбе! | Сарғыш түс |
| | Талпын | Сары түс |
| | Қосымша оқы | Бастауыш спортшы |

***«Бағалау медалі» арқылы бағалау.***

| | | |
|---|---|---|
| **Керемет** | Жарайсың! | «1» орын |
| | Еңбегің көрініп тұр | |
| | Тамаша үй жұмысы | |
| **Жақсы** | Бұдан жақсы істей аласың | «2» орын |
| | Тәжірибені арттыр | |
| | Ережелерді оқы | |
| **Орташа** | Ерінбе! | «3» орын |
| | Талпын | |
| | Қосымша оқы | |



**«Ақша» арқылы бағалау:**

| | | |
|---|---|---|
| **Керемет** | Жарайсың! | 90 теңге |
| | Еңбегің көрініп тұр | 80 теңге |
| | Тамаша үй жұмысы! | 70 теңге |
| **Жақсы** | Бұдан жақсы істей аласың | 60 теңге |
| | Тәжірибені арттыр | 50 теңге |
| | Ережелерді оқы | 40 теңге |
| **Орташа** | Ерінбе! | 30 теңге |
| | Талпын | 20 теңге |
| | Қосымша оқы | 10 теңге |

Оқушы әр жеткен жетістігіне сәйкес «10» теңге арқылы бағаланады. Сабақ соңында жинаған ақша қосындысы арқылы кестемен сәйкестендіріп, өзін-өзі бағалау жүреді.

**«Өзін-өзі бағалау бойынша күнделіктер» / журналдар**



| Оқушының аты-жөні | Допты себетке салу | Допты алып жүру | Доп алмасу ережесі | Зона ережесін сақтау | Айып добын лақтыру | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қайрат | | - | | + | | |
| Самат | | | - | | + | |
| Жасұлан | + | + | - | | | |
| Мадияр | | - | | + | - | |
| Жауқазын | + | | | - | | |
| Бекзат | | + | | - | | |

Өзін-өзі бағалау бойынша күнделіктер/журналдар мұғалім мен оқушының сабақ барысында алған білімдеріне, шеберліктері мен дағдыларына, құзыреттілігіне, сондай-ақ осы білімдердің, біліктер мен дағдылардың қандай тәсілмен игерілгеніне және олардың көлеміне баға беруі үшін құрылады. Күнделіктер мұғалімге оқушының даму деңгейі туралы түсінік алуға және білім беру үдерісін жақсарту үшін тиісті қадамдар жасауға көмектеседі.

**Нұрлан Бақытұлы НҰҒЫМАНОВ,**
**Ғ. Мұратбаев атындағы №17 мектептің**
**денешынықтыру пәні мұғалімі.**
**Қазалы қаласы,**
**Қызылорда облысы.**

# Қазақстан азамат соғысы және шетелдік интервенция жылдарында

**Сабақтың мақсаты:**

***Білімділік:*** Қазақстандағы азамат соғысы және шетелдік интервенцияның әрекеттерін талдай отырып оқушыларға түсіндіру;

***Дамутышылық:*** жеке тұлғаны дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, білімділікке, шапшаң ойлауға, ойларын қорыта білуге үйрету.

***Тәрбиелік:*** ұлтжанды, озық ойлы, адамгершілігі жоғары тұлға қалыптастыру.

**Сабақтың түрі:** дәстүрлі емес.

**Сабақтың әдісі:** интерактивті оқыту, топтық, сын тұрғысынан ойлау.

**Пән аралық байланыс:** дүниежүзі тарихы, география.

**Көрнекілігі:** слайд, құжат, кесте, тест.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

- Оқу құралын тексеріп түгелдеу;
- Оқушылар зейінін сабаққа аудару.

**II. Жаңа сабақтың жоспарымен таныстыру:**

- Азамат соғысының басталу себептері мен барысы;
- Ақ гвардияшылар мен шетел интервенциясының басталуы;
- Шығыс және Оңтүстік майдан ошақтарының құрылуы;
- Қазақстандағы Азамат соғысының ошақтары;
- Қазақстандағы Азамат соғысының ерекшеліктері мен салдары.

**Кіріспе.** (Мұғалімнің түсіндірмесі)

**Азамат соғысының басталу себептері мен барысы.**

Қазан төңкерісінің жеңісі құлатылған қанаушы тап өкілдерінің қарсылығын тудырды. Буржуазия мен помещиктер казак – орыс офицерлерінің жоғарғы топтарымен, кулактармен және феодал байлармен бірігіп, елімізде орнаған пролетариат дик-

татурасына қарсы көтерілді, контрреволюциялық заговорлар мен бүліктер ұйымдастырылды. Еліміздің бірқатар аудандарда, әсіресе казак – орыс аудандарында Дон, Кубань, Орынбор, Жетісу және басқаларында, еліміздің шығыс, солтүстік және оңтүстік шеткері аймақтарында контрреволюция күштері Кеңес еліне қарсы жау ошақтарын құрып, Кеңес үкіметіне қарулы қарсылық көрсетті.

1918 жылы мамырдың аяғында (25) Антанта елдерінің көмегімен Сібірдегі чехословак корпусының (30 мыңдай соғыс тұтқындары мен эмигранттар) офицерлері бүлік шығарды. Олар іштегі төңкеріске қарсы күштермен бірігіп, Новосибирск, Челябинск, Томск, Пенза және Солтүстік Қазақстанның Петропавл, Ақмола, Омбы, Атбасар, Павлодар, Қостанай, Семей қалаларын басып алды. К. Сүтішов, И. Дубинин, П. Калюжная, Ғ. Ыдырысов, К. Шугаев, П. Салов және т.б. азаптап өлтіріп, Өскемен Совдепінің төрағасы Я. Ушаковты тірідей кеменің оттығына тастап жағып өлтірді. Оларға ақ гвардияшылармен бірге эсерлер, меньшевиктер және алашордашылар дем берді.

***Большевизм*** – В.И. Ленин бастаған саяси қозғалыс пен саяси ойдың ағымы

***Кеңестер*** – 1905-1917 жылдардағы революциялар кезіндегі пайда болған жұмысшылар мен қызметшілердің кеңестері, шаруа депутаттарының кеңестері, солдат (матрос) депутаттарының кеңестері тәрізді сайланбалы саяси ұйым.

***Қызыл Әскер*** (*Жұмысшы-шаруа Қызыл Әскері)* – Кеңес өкіметінің әскери құрылымы. 1917 жылы Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1918 жылы жұмысшы-шаруа қызыл әскерін құру туралы декрет шығарылды.

**Картамен жұмыс.** (Оқушылар соғыс қимылдарының бағытын көрсетеді)

Азамат соғысы ұзаққа созылып, шиеленісіп кетті, оның себебі Кеңес өкіметіне қарсы күресіне шет елдер көмектесті (АҚШ, Англия, Франция, Жапония, Германия).

**Интервенттердің негізгі мақсаты:**

1) Большевизмді қоршауға алып, жою;

2) Антанта және АҚШ Бірінші дүниежүзілік соғысты соза түсіп, Ресейді әлсіретуді көздеді;

3) Кеңес үкіметінен монополистердің патша үкіметіне және уақытша үкіметке берген қарыздарын қайтаруды мақсат етті;

4) Кеңес үкіметі тәркілеген шетел капиталистерінің фабрика-заводтарын қайтаруды ойластырды;

5) Шетел империалистік мемлекеттер Орта Азия мен Қазақстанда экспанция жасау әрекетін де көздеді.

Ақ гвардияшыларды қару-жарақпен, қарыжымен жабдықтады. Біріккен соғыс операцияларын жоспарлады.

**Түсініктеме сөздік:**

**Ақ гвардия** – *Қазан революциясынан кейін Кеңес Республикасына, большевиктерге қарсы күштердің әскери құрамалары.*

**Интервенция** (лат. араласу) – *бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа мемлекеттің ішкі істеріне күш қолдану арқылы араласуы, оның егемендігін бұзу.*

**Азамат соғысы** – *бір мемлекеттің ішіндегі азаматтардың өкімет билігі үшін күресі.*

**Қызыл Әскер** (*Жұмысшы-шаруа Қызыл Әскері*) – Кеңес өкіметінің әскери құрылымы. 1917 жылы Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1918 жылы жұмысшы-шаруа қызыл әскерін құру туралы декрет шығарылды.

- 1918 жылы 29 мамырда «Міндетті әскери міндеткерлік негізінде еңбекшілерді мобилизациялау» туралы декрет жарияланды.

- 1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың басында Ә. Жангелдин мен А. Иманов Торғайда екі атты әскер эскадронын кіші командирлер даярлайтын оқу тобын, пулиметшілер тобын, Ырғыз қаласында тағы бір атты әскер эскадронын құрды.

- 1920 жылы Түркістанда байырғы халықты әскерге тұңғыш рет күштеп жинау жарияланды.

- 1920 жылы наурызда Торғай облысын-

да 6 мыңнан астам адам мобилизацияланды. 1920 жылдың басында Жетісу облысында 5,5 мың адамдық полктер құрылды.

- 1920 жылы мамырда 19 — 35 жастағы орыс емес ұлттардың 25 мың өкілі армияға шақырылды.

Ә. Жангелдиннің экспедициясы Ақтөбе майданына қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізуде маңызды роль атқарды.

- 1919 жылы 22 қаңтарда Орынбор азат етілді, ал 1919 жылы 26 қаңтарда Орал қаласы жау шебінен босатылды. Бұл Кеңестік Россияның Қазақ өлкесі және Орта Азиямен тікелей байланысын қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

- 1919 жылы көктемде Антантаның Кеңес еліне қарсы біріккен жорығы басталды.

- 1918 жылдың аяғында Дутов, Анненков, Колчак топтарына қарсы партизан соғысы өрістеді. Партизандық астыртын жұмысты ұйымдастырушылар: Ә. Әйтиев, С. Арғыншиев, Ә. Майкөтов, М. Жәнібеков, А.К. Вайцеховский, А.В. Азаданов, К.М. Михалкович, В.В. Мей, т.б.

Солтүстік Жетісуда партизан соғысы кең өріс алды. Мұндағы қорғаныс орталығы ***Черкасское селосы*** болды. ***Черкасск қорғанысы 1918 жылдың маусымынан 1919 жылдың*** қазан айына дейін созылды, яғни партизандар атаман Анненков тобына 13 ай бойы тойтарыс берді. 1919 жылғы тамызда Жетісу майданының қолбасшысы Л.П. Емелев әскерлері көмекке келуге әрекет жасап, сәтсіздікке ұшырады. Шайқас барысында Л.П. Емелев ерлікпен қаза тапты, ақыры 1919 жылы қазан айында анненковшылар Черкасскіні алып, 1800 адамды қырып тастады.

**Черкасск қорғасының тарихи маңызы:**

- Колчакшылардың Жетісуға шабуылы тоқтатылды;

- Сібір контрреволюциясының Орта Азия контрреволюциясымен бірігуіне жол берілмеді.

Партизан қозғалысының ең ірі орталығы Атбасар уезінің ***Мариновка қонысы*** болды командир Н.М. Ирченко. 1919 жылы көктемде партизандар колчакшыларға қарсы шабуылдады. Мариновкаға қосымша жазалау бөлімдері жіберіліп, партизандар шабуылы тоқтатылды.

- Семей облысын ақ гвардияшылардан азат етуге құрамында 200 қазақ бар ***«Алтайдың қызыл тау қырандары»*** атты партизан полкі көмектесті. Қазақ өлкесіндегі майдандар жойылды.

**Азамат соғысының салдарлары:**

1) Демографиялық жағдай ауырлап, 8 млн. адам қаза тапты

2) Мал саны күрт азайды

3) Қазақ ауылдары мен қыстақтар материалдық жоқшылыққа ұшырады.

4) Қатігездік пен зорлық-зомбылықтың күшейтілуі (ақвардияшылар тарапынан) үрей және ертеңгі күнге сенімсіздік туғызды.

**VI. Сабақты бекіту:** (тест тапсырмасы)

**Тест тапсырмасы.**

1. Қазақстанда азамат соғысы болып өткен жылдар:

а) 1918-1919 жылдар; **в) 1918-1920 жылдар;** с) 1917-1920 жылдар; д) 1917-1919 жылдар; е) 1917-1918 жылдар

2. Азамат соғысының өрістеуінде үлкен рөл атқарған бүлік:

а) Поляк корпусының бүлігі;

в) Батыс Украина корпусының бүлігі;

**с) Чехословак корпусының бүлігі;**

д) Югослав корпусының бүлігі;

е) Румыния корпусының бүлігі.

3. 1918 жылы маусымда Орынборды басып алып, Қазақ өлкесін Орталық Россиямен байланыстыратын темір жолды кесіп тастады.

а) Н. Юденич; в) А. Колчак; с) Г. Корнилов; д) А. Брусилов; **е) А. Дутов**

4.1919 жылы күзде Шығыс майданның 5 армиясы қолбасшысы

а) М.В. Фрунзе; в) С.М. Буденный; с) К.Е. Воршилов; **д) М.Н. Тухачевский;** е) В.И. Чапаев.

5. 1918 жылы тамызда бірінші Алаш атты әскер полкі ұйымдастырылды.

а) Атбасар қаласында;

**в) Семей қаласында;**

с) Ақтөбе қаласында;

д) Жетісуда;

е) Орал қаласында.

6. Қиыр Шығыста Жапон интервенциясы басталды.

**а) 1918 ж. сәуірде;**

в) 1918 ж. мамырда;

с) 1918 ж. шілдеде;

д) 1918 ж. тамызда;

е) 1918 ж. қыркүйекте.

7. 1918 жылы қарашада генерал Колчак армиясы ... бағытында операция бастады

а) Солтүстік бағытында;

в) Оңтүстік бағытында;

**с) Жетісу бағытында;**

д) Батыс бағытында;

е) Шығыс бағытында.

8. Бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа мемлекеттің ішкі істеріне күш қолдану арқылы араласуы, оның егемендігін бұзу.

а) революция; в) окупация; с) экспанция; **д) интервенция;** е) кооперация.

9. 1918 ж. шілде де .... майданы құрылды.

а) Оңтүстік; в) Шығыс; **с) Ақтөбе;** д) Жетісу; е) Батыс.

10. Қазақстанда 1913 жылмен салыстырғанда көмір өндіру ... қысқарды.

а) 2 есеге; в) 3 есеге; с) 6 есеге; д) 4 есеге; **е) 5 есеге.**

**V. Бағалау:**

**IV. Үйге тапсырма:** §11 оқу, қосымша деректер іздестіру, кестені толтыру.

**Марат Жуматаевич АЙТКУЖИН,**
**«№19 орта мектеп» КММ**
**тарих пәні мұғалімі.**
**Рудный қаласы**
**Қостанай облысы**

# Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары

**Қатысушылар:** Ересек «Балдырған» тобының балалары, тәрбиешілері, ата-аналары.

**Уақыты:** қысқа мерзімді (1 ай).

**Мақсаты:** балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру, аспаптық музыкаға деген қызығушылығын ояту;

а) білімділік: әр аспаптың шығу тарихы жайлы түсінік беру, жасалу ерекшелігі, дыбыс бояуын түсіндіріп, ұлттық аспап туралы білімдерін жетілдіру;

ә) дамытушылық: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамытып, музыкалық аспаптарда ойнай білу қабілеттерін дамыту;

б) тәрбиелік: қазақтың ұлттық аспаптарын мақтаныш тұтуға тәрбиелеу, ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттыру және оны құрметтеуге баулу.

**Міндеттері:**

1. Балаларды қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен таныстыру;

2. Балалардың эстетикалық талаптарын қалыптастыру;

3. Балалардың ритм сезімін, қол моторикасын, динамикалық есту қабілеттерін жетілдіру.

**Өзектілігі:**

Жоба өзектілігі – мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ халық музыкасын тыңдау арқылы, олар қандай музыкалық аспапта ойналатынын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру және аспаптардың дыбыстарын ажыра білуге үйрету. Музыкалық аспаптарда ойнау қабілеттерін жетілдіру.

**Жобаны іске асыру кезеңдері:**

**I. Теориялық бөлім.**

**Жоспар құру.**

- Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары туралы мәлімет;
- Презентация «Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары»;
- Балаларды ұлттық аспаптар туралы

мәдени таныстыру (ертегі, мақал-мәтелдер, тақпақ, мультфильм, т.б.);

- Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарын көрсету және дыбыстарын естірту;
- Аспаптардың шығу тарихы туралы әңгімелеу;
- Музыкалық-дидактикалық ойындар;
- Музыкалық аспаптарда ойнау үшін балаларға арналған репертуар.

**Ата-аналарға:**

**1.** Балалармен бірігіп музыкалық аспаптар жасау;

**2.** Балалармен бірге музыкалық іс-шараларға қатысу.

**II. Практикалық бөлік.**

**1. Қосымша.**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары.**

**Ересек «Балдырған» тобы.**

**Білім беру саласы:** шығармашылық.

**Бөлімі:** музыка.

**Тақырыбы:** «Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары»

**Мақсаты:** балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру, аспаптық музыкаға деген қызығушылығын ояту;

а) білімділік: әр аспаптың шығу тарихы жайлы түсінік беру, жасалу ерекшелігі, дыбыс бояуын түсіндіріп, ұлттық аспап туралы білімдерін жетілдіру;

ә) дамытушылық: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамытып, музыкалық аспаптарда ойнай білу қабілеттерін дамыту;

б) тәрбиелік: қазақтың ұлттық аспаптарын мақтаныш тұтуға тәрбиелеу, ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттыру және оны құрметтеуге баулу.

**Көрнекіліктер:** мультимедиялық экран, музыкалық аспаптар, музыкалық аспаптар суреті, аспаптар, буклет, видео, слайд.

**Сөздік жұмыс:** музыкалық аспаптар.

**Билингвалды компонент:** музыкалық аспаптар – музыкальные инструменты.

**Әрекет кезеңдері**

**Мотивациялық-қозғаушылық.**

Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нақты қадаммен келеді.

**Музыкалық амандасу.**

**Музыка жетекшісі:** Сә-ле-мет-сің-дер-ме, ба-ла-лар!

**Балалар:** Сә-ле-мет-сіз-бе!

Біз бүгінгі оқу қызметінде қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарымен танысып, олардың түрлерімен, ойнау әдісі мен жасалу жолымен танысамыз.

- Балалар, қазақ халқының қандай музыкалық аспаптарын білесіңдер?
- Домбыра аспабының құрылысын кім айтып бере алады?
- Күй дегеніміз не?
- Күйші дегеніміз кім?
- Күйшілерді айтып беріңдерші?

Музыкалық аспаптар туралы түсінік беру: домбыра, шертер, қобыз, дауылпаз, сырнай, жетіген

**Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Қамажай».**

**Ұйымдастырушылық-ізденістік.**

**Музыка тыңдау: Дауленкерей.**

Қандай аспаптар бар құрамында?

Қандай көңіл-күйде болдыңдар, не сездіңдер?

Кімнің күйі?

**Музыкалық сергіту. «Жай және жылдам»**

**Музыкалық-дидактикалық ойын: «Қандай аспап?»**

**Ән айту «Домбыра».**

**Рефлексиялық-қозғаушылық**

Сонымен балалар қорытындылайық. Біз музыкалақ аспаптармен жақын таныстық. Сендерге не ұнады?

**Күтілетін нәтиже**

**Біледі:**

Музыкалық аспаптарды таниды, атайды, дыбысын ажыратады.

**Түсінеді:**

Музыкалық аспаптардың әртүрлі дыбысталуын.

**Қолданады:**

Музыкалық аспаптарды қолдана біледі.

**Маржан Кайсаханқызы АЛГОЖАЕВА,**
**КМҚК «Күншуақ» бөбекжай-бақшасының музыка жетекшісі.**
**Қасымбек ауылы,**
**Жамбыл ауданы,**
**Алматы облысы.**

# Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары** | 7.4.1.3 Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін дәлелдеу |
| **Сабақтың мақсаты** | - азық-түліктердегі органикалық заттардың түрлерін анықтау;<br>- азық-түліктерде көмірсулардың, нәруыздардың және майлардың ерекшелігін сипаттау;<br>- азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін зертханалық жұмыс жүргізуде дәлелдей алу. |
| **Бағалау критерийі** | - оқулықта берілген азық-түліктерді жіктеу тапсырмаларын орындайды.<br>- құрамында көмірсулар, нәруыздар және майлар азық-түліктерді сызбада көрсетеді;<br>- азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін дәлелдейтін зертханалық жұмыс жасайды; |
| **Тілдік мақсаттар:** | **Оқушылар қолданады:**<br>- Азық-түліктерде кездесетін көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін топ жұмысында талдау кезінде ауызша академиялық тілі дамиды.<br>- Азық-түлік құрамындағы органикалық заттарды жұптық жұмыста ажыратады.<br>- Нәруыздар, майлар мен көмірсулар азық-түлік өнімдерінде болуын зертханалық жұмыста анықтайды.<br>- Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін зертханалық жұмыста дәлелдей алады.<br>**Пәнге қатысты терминдер мен негізгі сөз тіркестері**:<br>- Азық-түлік, органикалық заттар, тәжірибе, көмірсулар, нәруыздар, майлар, энергия бөлінуі. |
| **Құндылықтарға баулу** | Құрмет. Сабақ барысында өзара құрметке, бір-бірінің пікірлерін тыңдау мен оларға санасуға, ойларын тыңдауға негізделеді.<br>Сабақта алатын білім мен дағдылар алдағы сыныптарда, емтихандарда қажет болатыны айтылады. Сонымен қатар азық-түліктер мен олардың қорлары күнделікті өмірде қолданылатын жерлері айтылып өтіледі. |

| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыс** | Жаратылыстану, химия, экология |
| **Алдыңғы оқу** | Зертханалық жұмыс «Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу». Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. |
| **Ресурстар** | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| **Әдіс-тәсілдер** | Белсенді оқыту әдістері, саралап оқыту түрлері, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. |

**САБАҚ БАРЫСЫ**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңі** | **Сабақтағы жоспарланған жатттығу түрлері:** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** 5 минут | **Ұйымдастыру кезеңі 2 минут**<br>**Топтарға бөлу «Тірек сөздер» әдісі бойынша топқа бөліну.**<br>Оқушыларға сөздер қиындыларын беремін. Әріп қиындыларда сөздер болу керек. (Нәруыз, көмірсу, май)<br>Оқушылар сол сөздер бойынша топтарға бөлінеді. | 1-топ<br>2-топ<br>3-топ<br>Суреттер |
| **Сабақтың ортасы** | **Білу және түсіну** (Мәтінмен жұмыс ) 55-56 бет ДЖИГСО әдісі бойынша (түртіп алу)<br>**Мәтінді талдау**<br>**Топтық жұмыс: Оқушыларға** азық-түлік өнімдерінің суреттерін үлестіріп беру және органикалық заттардың болуына байланысты топтастыруды ұсыну.<br>**Жұптық жұмыс:** Оқушылар азық-түлік өнімдерінде нәруыз, көмірсу мен майлардың болуын анықтауға бірнеше эксперименттер орындайды. Олар картоп түйнегін көмірсулардың болуына тексереді, ұнның құрамында нәруыздың болуын және күнбағыс тұқымының құрамында майлардың болуын тексереді.<br>**Қолдану. №3 Зертханалық жұмыс жасайды.** | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
Дескриптор:<br>
- Зерттеу жұмысын жүргізу үшін берілген кестедегі мәліметтермен танысады;<br>
- Берілген құрал-жабдықтарды тиісті зерттеу жұмысына қолдана алады;<br>
- Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін дәлелдейтін сынаманы дұрыс жүргізе алады;<br><br>
Қалыптастырушы бағалау жұмысы<br><br>
Қалыптастырушы тапсырма<br>
Мақсаты: азық – түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін зертханалық жұмыс жүргізуде дәлелдеу және қорытынды жасауға жетелеу.<br>
<table>
<tr><th>Іс-әрекет</th><th>Бақылау</th><th>Қорытынды</th></tr>
<tr><td>Көмірсулардың болуын дәлелдеу</td><td>Шикі картоптың бөлігіне бірнеше тамшы йод тамызыңыз</td><td></td></tr>
<tr><td>Нәруыз болуын анықтау</td><td>Екі ас қасық ұн (20г) салынған стақанға жарты стақанға жуық (40мл) су құйыңыз, әйнек таяқшамен араластырыңыз.</td><td></td></tr>
<tr><td>Майлардың болуын дәлелдеу</td><td>Фильтр қағазға күнбағыстың бірнеше тұқымын қабығынан тазартып салыңыз. Қағазды екіге бүктеп, қатты уқалаңыз</td><td></td></tr>
</table>
Дискриптор:<br>
➢ Зерттеу жұмысын жүргізу үшін берілген кестедегі мәліметтерді дұрыс толтырады<br>
➢ Азық-түліктердегі нәруыз, көмірсулар және майлардың бар екенін дәлелдейді<br><br>
ҚБ: Дискрипторға сәйкес тапсырма орындалады, өзін-өзі бағалау<br>
С: жеке қолдау көрсету, жылдамдықты бағалау, диалог, нәтиже<br><br>
Жеке жұмыс: Оқушылар дәптерлеріне азық-түлік өнімдерінде органикалық заттардың болуына тірек-сызба құрастырады
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Ортасы</td>
<td>
Талдау<br>
Ортақ тапсырма: «Пікірлер парағы» әдісі.<br>
1-топ:<br>
Жауабын жазады. Олар ыдыраған кезде бөлінетін энергия мөлшері қандай?<br>
2-топ:<br>
Нәруыздар, майлар, көмірсулар мен нуклеин қышқылдарының ағзадағы қасиеттерін талдаңдар.<br>
3-топ:<br>
Құрамындағы органикалық заттардың рөліне байланысты өнімдердің маңызы туралы жарнама жасаңдар.
</td>
<td>
Пәнаралық байланыс<br><br>
«Пікірлер» парағы әдісі, сұрақтар жазылған парақшалар, қалам.
</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Сергіту сәті</td>
<td>https://www.youtube.com/watch?v=i8FFtlTwJRs<br><br>Осы видеодағы көрсетілімге ауызша жауап береді.</td>
<td>Миды шынықтыру тапсырмасын орындайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Синтез<br>Қалай ойлайсыңдар, адам үшін дұрыс тамақтану негізгі міндет болып табыла ма?<br>Адам неше мезгіл тамақтану қажет?</td>
<td>Карточкада жазылған терминдер</td>
</tr>
<tr>
<td>Бағалау<br><br>Кері байланыс</td>
<td>«Инсерт» кестесі
<table>
<tr><td>Сабақта берілген оқу материалдары</td><td>Білемін</td><td>Білмеймін</td><td>Білгім келеді</td></tr>
<tr><td>Тірі ағзадағы заттар тобы</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Органикалық заттар</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Көмірсулар</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Нәруыздар</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Майлар</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ұлттық тағамдар түрлері</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Рефлексия парағы.



</td>
<td>Бағалау парақшасы</td>
</tr>
</table>

**Нарима Аманбаевна БИЛИБАЕВА,**
**№64 мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі.**
**Нұр-Сұлтан қаласы.**

**БАСЫЛЫМ – 2021**

# Педагог

журналы

**Индекс 74312**

***Қиып алыңыз да, жазылыңыз!***

Басылым индексі
АБОНЕМЕНТ

Журнал «Педагог»

*74312*

Комплекті саны

2021 жылға, айлары

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| қайда | | | | | |

(почта индексі) (мекен-жайы)

кімге

(аты, жөні)

| | |
|---|---|
| | |
| ПВ орны | |

Тасымалдау карточкасы
*74312*
Басылым индексі

| Бағасы | Жазылу мекен-жайын өзгерту | ...теңге ...теңге | ...тиын ...тиын | комплекті саны | |
|---|---|---|---|---|---|

2021 жылға, айлары

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| қайда | | | | | |

қайда ____________________

(почта индексі) (мекен-жайы)

кімге ____________________

(аты, жөні)